

Жеңіл және ағаш өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындарын мемлекеттік қолдау шаралары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 24 маусым N 776.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Жеңіл және ағаш өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарын қаржылай сауықтыру өндірісін тұрақтандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігінің, облыстар мен Алматы қаласы әкімдерінің жеңіл және ағаш өңдеу өнеркәсібінің бәсекелестік тауарлар шығаруын қамтамасыз етуде мейлінше келешегі бар кәсіпорындарына тендерлік негізде мемлекеттік қолдау көрсету туралы ұсынысы қ а б ы л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі он күн мерзім ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік медетші банкісіне жеңіл және ағаш өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындарына кредит беру үшін оған 1996 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаржыдан (1,3 млрд. (бір миллиард үш жүз миллион) теңге бөлетін болсын.

Бұдан басқа, 1996 жылдың 1 қыркүйегіне дейін оған 1996 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражаттардан қайта ұйымдастыру процедураларын жүргізу мен жеңіл және ағаш өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарын сауықтыруды қамтамасыз ету жөніндегі қаржылық инфрақұрылымдарды құруға арнап оларды әлеуметтік дамуды кредиттеудің Қазақ акционерлік банкінің (бұдан әрі - Қазкредәлеуметбанк) депозитіне орналастыру үшін бір жыл мерзімге 234,0 млн. (екі жүз отыз төрт миллион) теңге бөлсін.<*>

3. Жеңіл және ағаш өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындары негізінде Қазкредәлеуметбанкі клиенттері болып табылатынын ескере отырып, Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкісіне:<*>

бөлінген қаражатты кәсіпорындардың бизнес-жоспарлары негізінде жасалып бекітілген кредит беру кестесі бойынша Қазәлеуметбанкісіне жіберу мен оның нысаналы пайдаланылуына бақылау жасау;

Қазәлеуметбанкісімен кәсіпорындарды қолдауға бөлінген қаражатты банктің қайтарымдық негізіндегі кепілдігімен қамтамасыз ету және де Қазәлеуметбанкісінің қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жеңіл және ағаш өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындарында қайта ұйымдастыру процедураларын

жүргізу туралы келісім жасасу ұсынылсын.

ЕСКЕРТУ. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.19.

N

1 0 2 8

қ а у л ы с ы м е н .

4. Қазәлеуметбанкiсiне жеңiл және ағаш өндеу өнеркәсiбi кәсiпорындарының тендер негiзiнде қабылданған бизнес-жоспарлары мен акционерлердiң шешiмi бойынша акциялардың мүлiкпен қамтамасыз етiлген бақылау пакетiнiң кепiлдiгiмен банкке берiлуiне сәйкес кредиттеудi iске асыру ұсынылсын.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттiк мүлiктi басқару жөнiндегi мемлекеттiк комитетi қайта ұйымдастыру процедураларын жүргiзу кезеңiне әлеуметтiк дамуды кредиттеу жөнiндегi Қазақ акционерлiк банкiсiне жеңiл және ағаш өндеу өнеркәсiбi кәсiпорындары акцияларының мемлекеттiк пакеттерiн кепiлдiкке беру туралы шартты ресiмдесiн.

6. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Өнеркәсiп және сауда министрлiгiне жүктелсiн.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрi